№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы

Ортаңғы «Әсел» тобы

# Ашық ойын іс-әрекеті

# Тақырыбы: «Біз не үйрендік?»

Тәрбиеші: Есенбаева М.О.

2023 ж

**Мақсаты-міндеті:** Жыл бойы өтілген тақырыптар бойынша білім деңгейін байқау, нәтижесін көрсету. Баланың тілін, сөздік қорын,ойлау қабілетін,сөйлеу мәнерін қалыптастыруда ертегі желісіне сүйене отырып,сұраққа жауап беруге қызығушылықтарын арттыру, достыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктері:** Ертегі желісіне байланысты суреттер, сандық, көрпеше, қатық, бидай

**Әдіс-тәсілдері:** сұраққа жауап беру,ойын,түсіндіру,берілген тапсырманы шешу, мақтау, мадақтау

**Билингвалдық компонент:** қыз-девочка, мысық-кошка, сиыр-корова, тал-дерево, дүкенші-продавец.

**Инклюзивті әлеумет:** Мүмкіншілігі төмен баламен жұмыс жүргізу.

| Іс-әрекет бөлімдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті. | Жанұя қатысуы |
|---|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | 1.Бөлмені алдын ала «Мақта қыз бен мысық» ертегі кейіпкерлерімен дайындау.<br>2.Балалардың топқа кіуі<br>Жылулық шеңбері.<br>Күн сәуле шашқаның үшін рахмет,<br>Бұлт жаңбыр сепкенің үшін рахмет, аспан таза ауаң үшін рахмет<br>Ал құрметті әпкейлер, сапалы білім ,саналы | Балалар жылу шеңбері жасада | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тәбиелеу үшік. | | |
| Іздену ұйымдастырушы | -Балалар бізден бүгінкөп конактар келіп отыр<br>-Бүгін оқу іс-әрекетімізде жыл бойы алған білімдерімізді көрсетеміз<br>-Сендер қандай ертегі білесіндер?<br>-Алдымызда тұрған кандай ертегі кейіпкерлері?<br>-Ендеше бүгінгі ашық оқу іс-әрекетімізде «Мақта қыз бен мысық»ертегі кейіпкерлеріне саяхатка шығамыз.<br>Ерте,ерте,ертеде Мақта қыз бен мысық болыпты.Қыз үйін сыпырып жүріп,мейіз тауып апды.Мейізді мысығына билемек болып,мысығын шақырады.<br>Мысығы келмеген соң мейізді өзі жеп қояды<br>Мысығы мақта қызға неліктен шақырғанына жауап бермегені үшін мысық қыздың катығын төгеді.<br>–Қыз ашуланып не істейді?<br>Мысық қатығын іздеп жолға шығады.Алдымен сиырға келді. | Балалар өздері білетін ертегілерді атайды.<br>-Мақта қыз мысықтың құйрығын жұлып алды.<br>сиыр,кой,ешкі ,жылқы,түйе т.б<br>-сүт,сары май,каймак т.б<br>-кыс мезгілінде жапырақ болмайды.<br>-кептер, торғай, карға,сауыска н.т.б бес құ ұшып келіп | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Сиыр: Менің тапсырмам бар ,соны шешсең саған сүт беремін дейді<br><br>**1-тапсырма**.Үй жануарлары және оның төлдерін атап беріңдер<br><br>**2.тапсырма**<br><br>–Үй жануарларынан алынатын өнімдерді атаңдар?<br><br>**3. Тапсырма**:<br><br>Үй жануарларынан алынатын өнімдерді атаңдар?<br>Сиыр саған сүт берер едім бірақ қарным аш,маған кішкене жапырақ әкелші деп жалынады,<br><br>Мысық енді неге барады?<br><br>Тал,тал маған жапырақ берші сиырға беруім керек.<br><br>Талдың тапсырмасын алдымен орындау керек<br><br>**1.тапсырма**: Қыс мезгілінде талдағы жапырақ түсі қандай болады?<br><br>**2.тапсырма.**Менің бұтағымда қандай құстар бар екенін айтыңдар?Олардың құрамы нешеу?<br><br>Тал тәрбиешінің құлағына сыбырлап талдың | отыр<br><br>Жуынамыз<br>Суды ішеміз<br>т.б<br><br>Екіге бөлінеді.Тірі және өлі.Тірі табиғатқа : адамдар,гүлдер ағаштар<br>т.б<br><br>өліге:құм,тас<br>т.б<br><br>-қайшы,тарақ шаштаразшы<br><br>Тауықтан аламы<br><br>-<br>тауық,әтеш,қаз үйрек | |

шөлдегенін айтады

–Талдағы енді су керек.

–Мысық оқу іздеп қыздарға келеді.Қыздардың тапсымасын айтуымыз керек

**1.тапсырма**

Су бізге не үшік қажет?

2.тапсырма.

Табиғат нешеге бөлінеді?

**Сергіту сәті: «Қамажай»**

Қыздар тәрбиешіге сыбырлап сағыз шайнағысы келетінін айтты.

-Мысық дүкеншіге келіп амандасады.Одан сағыз беруін өтінеді.

-Дүкенші тапсырмасында бірлесіп шешіп көмектесейік

**1.тапсырма: Д/о:** «Құралдармен кім жұмыс істейді?»

Мақсаты: Қажетті құралдар қай маман иесі екенін айта білуге үйрету

2.тапсырма: Құрылысшы соққан үйлерді салыстыру.

Мақсаты: Биік-аласы, үлкен-кіші геометриялық қай пішіндерге ұқсас

| | | | |
|---|---|---|---|
| | –Дүкеншінің қарны ашып жұмыртқа жегісі келіп отырғанынайтады.Жұмыртқаны қайдан алатынын балалардан сұрайды. – Тауыққа келіп өзінің жұмыртқаға келгенін айтады<br><br>Тәрбиеші:Балалар мысыққа тағы көмек берейік.Тауықтың тапсырмасын шешейік.<br><br>1.Тапсырма:Үй құстарын атаңдар?<br><br>-дала құстарын атаңдар?<br><br>2: тапсырма: Д/О: «Үй және дала құстарын ажырата білу»<br><br>мақсаты: Логикалық тапсырма ретінде ауыз екі сөзбен айтылған тапсырманы шешу дағдыларын үйрету.<br><br>Тәрбиеші: тауық бізге жем берулерін өтініп тұр.жемді қайдан аламыз<br><br>Осы кезде ашуланған мысық тышқанды тарпа бас салады.Тышқан қорыққаннан мысыққа бидай береді. Және осы бидай қайда өсетінін білесіңдер ме?<br><br>-Бидайды тасу үшін көлік | | |

әсерек

- Тапсырма: Әуе көлігі, су көлігі және жердегі көліктердің көмектерін жүретін көлікті атаңдар?

-Мысық тышқанға рахметін айтып техникаға, түйеншіге, тазға, қыздарға және сиырға келеді. Сүтті алып қызға ұсынады

Тәрбиеші: балалар енді өнер орталығына барайық

1 топ Мысықты жапсырады

2топ: Мақта қыздың көйлегін әшекейлейтінін хабарлайды

Жұмыс барысында жеке нұсқаулар береді

Саусақ жаттығу

-Балалар сендер қандай ертегілерді білесіңдер?

Рефлексивті түзету

Біз қандай ертегіге саяхатқа бардық

-Кейіпкерлерін атаңдар?

-Қай ертегі [illegible] ұнады сендерге?

Мадақтау [illegible] бағалау

**Күтілетін нәтижелер:**

Не білді: Ертегілер туралы білді.

Не алды: Ертегіні сахналай алды.

Не істей алды: Мысықты жапсырып,көйлекті әшекелей алды.

№ 53 «Гүл Асыл» бөбекжай бақшасы

Ортаңғы «Өжет» тобы

# Ашық ойын іс-әрекеті

## Тақырыбы: «Ертегі әлеміне саяхат»

Тәрбиеші: Сабанбаева Э.С.

2023 ж

Мақсаты-міндеті:
Білімділік: Барлық білім салаларын қамту арқылы балаларды ертегі кейіпкерлерімен жете таныстыру. Жыл бойына алған білімдерін бекіту
Дамытушылық: Балалардың сөздік қорларын байыту, тілін, ойлау қабілеттерін дамыту.
Тәрбиелік: Бір - біріне қамқор болуға, аялауға, мейірімділікке тәрбиелеу, шығармашылық белсенділіктерін арттыру.
Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, әңгімелесу, түсіндіру, көрсету, ойын, мадақтау.
Көрнекі құралдар: слайд, аюдың суреттері, плакаттар, үлестірмелі құралдар.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбері:

- Біздің топта ұл-қыздар,

Тату-тәтті ойнаймыз.

Айналада бар адамға

Тек мейірім сыйлаймыз.

Амандасу үлкенге,

Тәрбиенің басы ғой.

Ал, қәнекей бәріміз,

Сәлем дейік үлкенге

- Сәлеметсіздер ме, апайлар!

Тәрбиеші:

- Жарайсыңдар! Ендеше орнымызға жайғасайық!

- Балалар, бір жылда неше мезгіл бар? - 4 мезгіл бар.

- Жыл мезгілдерін атап шығайық? - Қыс мезгілі, көктем мезгілі, жаз мезгілі, күз мезгілі.

- Қазір жылдың қай мезгілі? - Көктем мезгілі

- Көктем мезгілінде неше ай бар? - 3 ай бар

- Көктем мезгілінің айларын атап беріңдерші? - Наурыз, сәуір, мамыр

- Көктем мезгілінің ерекшеліктері қандай? - Көктем мезгілінде күн жылынады, ағаштар бүршік жарады, өсімдіктер өседі, құстар жылы жақтан ұшып келеді.

- Балалар, сендерге мамаларың үйде қандай нан түрлерін пісіріп береді? - Тоқаш, бауырсақ, шелпек, тәтті нан

- Мамаларың нанды неден жасайды? - Ұннан

Тосын сәт: Есіктен Бауырсақ келеді:

- Сәлеметсіздерме, балалар! Менің атым - Бауырсақ, мені қаймаққа иледі, майға пісірді.

Мен атамнан кеттім,

Мен әжемнен кеттім,

Тыңдамадым атамды,

Тыңдамадым әжемді,

Үйімді де сағындым.

- Балалар, мен орманда келе жатып көптеген аңдарға кезіктім. Аңдардан құтылу үшін олардың әртүрлі тапсырмаларын орындауым керек екен. Сендерден көмек сұрап келіп тұрмын. Сендер маған көмектесесіңдер ме?

Балалар:

- Иә, көмектесеміз

Тәрбиеші:

- Балалар, Бауырсақ ең алдымен қандай аңға жолығады? - Қоян

- Қоян қандай жануар, ол немен қоректенеді? - Қоян қорқақ, ұзын құлақтары болады, сәбізбен қоректенеді.

- Олай болса, Бауырсақты Қояннан құтқару үшін оның тапсырмасын орындайық. Ендеше сәбіздерін санап берейік.

1- тапсырма: /орнында отырып/

Қоянда бұрыннан төрт сәбіз болатын. Оған Бауырсақ бір сәбіз сыйға тартты. Барлығы қанша сәбіз болады? Санайық: 1,2,3,4,5 енді кері санайық 5,4,3,2,1.

Енді алдымызда ыдыста сәбіздер берілген, осы сәбіздердің ең үлкенін, үлкенін, ортаншысын, кішісін және ең кішкентайын тауып, ретімен орналастырамыз.

- Жарайсыңдар. Қоян сендерге рахмет айтып, Бауырсақты босатты.

Тәрбиеші: - Келесі Бауырсақ қандай аңмен кездеседі? - Аюмен

- Аю қандай жануар? - Жабайы жануар

- Аю сендерден өзіне көп достар құрастырып беруін өтінеді!

2-тапсырма: /тақтада/ «Пішіндерді құрастыр»

Тақта жанында үш түрлі түсті аюдың қиылған бөліктері берілген. Балалар сол бөліктерден түстеріне сәйкес аю құрастыруы керек.

- Жарайсыңдар, балалар! Балалар енді келесі тапсырмаға көшпес бұрын орнымыздан тұрып, сергіп алайық!

Сергіту жаттығуы:

Дүйсенбіде – доп ойнадық далада,

Сейсенбіде – серуен құрдық аулада.

Сәрсенбіде - сурет салдық сәндетіп,

Бейсенбіде - би биледік, әндетіп.

Жұма күні жидек тердік ағаштан,

Сенбі күні кино көрдік клубтан,

Жексенбіде үйде болдық дем алдық.

Тәрбиеші: - Балалар, енді Бауырсақ қандай аңмен жолығады? - Қасқырмен

- Балалар, Қасқырдың тапсырмасы нан туралы мақал, тыйым сөздер, не болмаса тақпақ айтып беру керек екен.

1. Нанмен ойнама.

2. Дастархан басында керілме.

3. Нан қоқымын баспа.

4. Ас адамның арқауы.

5. Арпа, бидай - ас екен,

Алтын күміс - тас екен.

6. Апам мені пісірген,

Қызыл күрен бауырсақ.

Шықпай қояр түсіннен,

Біраз жемей сағынсақ.

7. Нан қоқымын шашпаңдар,

Жерде жатса баспаңдар.

Теріп алып қастерлеп,

Торғайларға тастаңдар.

8. Көктемде егін егетін,

Күзде жиып теретін.

Біздің дала - бай дала,

Алтын астық айнала.

Бауырсақ:

- Балалар, тақпақтарың қандай керемет, маған қатты ұнады.

Тәрбиеші:

- Бауырсақ қояннан, аюдан, қасқырдан құтылып келе жатса, алдынан қандай аң шықты? - Түлкі

- Түлкі қандай аң? - Қу аң Тәрбиеші: - Ал түлкі Бауырсақты оңайлықпен жібере қоймасы анық. Түлкінің тапсырмасы күрделі екен.

2-тапсырма: «Суретті толықтыр»

Балаларға суретте жетіспейтін пішінді тауып, желіммен жапсыру.

- Міне, балалар, біз Бауырсақ ертегісіндегі кейіпкерлердің тапсырмаларын орындадық.

Бауырсақ:

- Рахмет, балалар! Өздерің өте ақылды екенсіңдер! Мен орманнан шығып ата-әжемнің үйіне адаспай дұрыс баруым үшін тағы да бір тапсырманы орындау керек екен!

Тәрбиеші:

- Ендеше ол тапсырманды балалармен бірге орындайық!

Орман - лес - forest (форест)

Ата - дедушка - grandfather (грэндфазе)

Әже - бабушка - grandmother (грэндмазе)

Қоян - заяц - rabbit (рэбит)

Аю - медведь - bear (беа)

Қасқыр - волк - wolf (вулф)

Түлкі - лиса - fox (фокс)

сөздерін үш тілде айту.

- Жарайсыңдар, балалар!

Бауырсақ:

- Көп рахмет, балалар! Сендер барлық тапсырмаларды дұрыс орындап шықтыңдар! Ал енді мен ата-әжеме барайын! Сау болыңдар!

Тәрбиеші:

- Балалар, бүгін бізге көмек сұрап кім келді?

Балалар:

- Бауырсақ

Тәрбиеші:

- Бауырсақ орманда қандай аңдармен кездесті?

Балалар:

- Қоян, аю, қасқыр, түлкі

Тәрбиеші:

- Бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма?

Балалар: - Иә

Тәрбиеші:

- Олай болса біздің оқу қызметіміз аяқталды!